



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№9 (1835)  
2 сәуір  
2022 ЖЫЛ

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Ұлттық университет Ұлыстың ұлы күнін тойлады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Наурыз мейрамын сән-салтанатпен атап өтті.

ҚазҰУ қалашығындағы көктем мерекесі Әл-Фараби кітапханасы алаңында шырша отырғызудан басталды. Университет ректоры Жансейіт Түймебаев шетелдік оқытушы-профессорлармен және факультет декандарымен бірлесіп қалашық аумағына 100-ге жуық шырша отырғызды.

Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арнайы шақырылған меймандар университет аумағында құрылған 20 киіз үйді аралап, наурыз дастарханынан дәм татты. Аға буын өкілдері жастарға баталарын беріп, шежіреден біраз сыр шертті.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты.



ҚазҰУ-дағы Наурыз мейрамына келген қонақтардың қатарында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов,


ҚР Жоғарғы сотының экс-төрағасы Мұсабек Әлімбаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Амандық Баталов, Бақытжан Сағынтаев және ЖОО



ректорлары, белгілі ғалымдар, қаламгерлер мен БАҚ өкілдері болды.

Жалғасы 4-5 беттерде

## Рамазан – ізгі амалдар мен берекет айы



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!

Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Отыз күн оразада өзара сыйластық пен жақсылық, ырыс пен ынтымақ, ізгілік пен мейірім салтанат құрады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын ғибадат айының басталуымен құттықтай отырып, «Осы күндерде азаматтарымыз рухани тазарып, жан дүниесін жаңғыртады, жақсылық жасайды. Рамазан айында имандылық, жанашырлық және мейірімділік сияқты мызғымас құндылықтардың қадірі арта түседі. Исламның гуманистік идеялары еліміздегі береке мен бірлікті, бейбітшілік пен келісімді нығайту үшін маңызды рөл атқарады. Біз халқымыздың ырыс-ынтымағының арқасында кез-келген қиындықты еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басамыз» деп атап өтті.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан біздің университетте де отыз күн оразада мұқтаж жандарды қолдап, қайырымдылық көрсету игі дәстүрге айналды.

Әрдайым ұжымның ауызбіршілігі артып, ырыс-несібесі еселенсін! Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын!

Сіздерге мықты денсаулық, елімізге тыныштық, әр шаңыраққа бақ-берекет тілеймін!

Құрметпен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректор  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

## Ғылымды дамытуға ден қойылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Ғылыми кеңесте оқу орнының ғылыми-инновациялық қызметінің нәтижелері, білім алушы жастардың интеллектуалдық, рухани дамуын қамтамасыз ету бойынша шаралардың жүзеге асырылуы талқыланды.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері туралы ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор м.а. Хайдар Тасыбеков баяндады. Ол білім ордасының ғылыми



жетістіктері мен зерттеу университетіне айналуы жолындағы міндеттерді баяндай келе, жас ғалымдар мен докторанттардың ККСОН басылымдарында, WoS/Scopus деректер базасында жа-

риялану белсенділігін атап өтті.

Сонымен қатар топ-25% (Q1) санатына енген беделді ғылыми журналдардағы жарияланымдар санының артып отырғанына тоқталды. Мәсе-

лен, 2018-21 жж. Scopus деректер базасында индекстелген басылымдарда 285 мақала жарияланды. Оның ішінде 283 мақала Q1-Q4 санатына енді.

2021 жылға арналған Scopus деректер базасындағы жарияланымдар саны бойынша оқу орнының механика-математика, физика-технология, химия және химиялық технологиялар факультеттері үздік төрттікке қосылды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық және бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобалары аясында ҚазҰУ докторанттары мен ғалымдары 332 ғылыми жоба бойынша жұмыс атқарды.

Жалғасы 2-бетте



Сенаторлар  
студенттермен  
кездесті

2



Дархан ҚЫДЫРӨЛІ:  
ҚазҰУ-дың 90  
жылдық тарихы,  
өткені, шежіресі бар

3



ҚазҰУ мен Цукуба  
университетінің  
алтын көпірі

6



## Ғылымды дамытуға ден қойылды

Соңы. Басы 1-бетте

Қаржыландырудың жалпы сомасы 4530,7 млн теңгені құрады. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын қаржыландыру көздері мен көлемі туралы мәлімет берілді. Спикердің айтуынша, соңғы алты жылда «жыртқыш» басылымдардағы ҚазҰУ ғалымдары мақалаларының үлесі айтарлықтай азайып, бүгінде 4,5 пайызды (2016 жылы 26,3 пайыз болған) құрап отыр.

ҚазҰУ докторанттары 2021 жылы «Ғылым қорының» көптеген жобаларын жүзеге асырды. Олардың кейбіреулері қазір эксперттік сараптамадан өтуде. Жақын күндері үш жоба табыстылығын тексеру кезеңінен өткеннен кейін өндіріске жіберіледі. Ғылыми кеңес барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғалымдардың ғылыми мекемелермен тығыз ынтымақтастықта нәтижелі жұмыс атқару қажеттігіне айрықша назар аударды.

Үкіметтің алға қой-



ған мақсаттарына жету үшін әрбір факультет, кафедра, ғылыми-зерттеу институты ҚР Білім және ғылым министрлігінің барлық мемлекеттік бағдарламалары мен жобаларын сараптап, өз саласы бойынша жүзеге асыруға атсалысуы қажет. Мұндай ынтымақтастық ғылым мен инновацияның дамуына ықпал етеді, сонымен қатар оқу орнының зерттеу университетіне трансформациялануын жеделдетеді.

Жиында диссертациялық кеңестер мәселесі де сөз болды. Ректордың айтуынша, гуманитарлық ғылымдар бойынша көптеген тақырыптар жылдан жылға қайталанып келеді, бұл дипломдық жұ-

мыстардың сапасына кері әсер етуде. Осы орайда, ректор оқытушы-ғалымдардың алдына нақты міндеттер жүктеді.

Студент жастарға қатысты мәселелерді талқылаған университет ректоры Ж.Түймебаев: «Бізде бюрократия болмауы керек. Ғылымға белсене араласатын студенттердің базасы болса, олармен кездесіп, шешімін таппай келе жатқан мәселелерді талқылау керек. Оқу үдерісі мен университет қызметін жақсарту үшін барлық өзекті мәселелерді бірлесіп шешу керек», – деп атап өтті. Жиын соңында университет ғалымдарының ғылыми атақ беру жөніндегі ұсыныстары мақұлданды.

## Білім ордасында МИФИ филиалы ашылады

Жуырда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының үкіметі екі елде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалын ашу жөнінде келісімге қол қойған болатын. Келісімді жүзеге асыру үшін ҚР Білім және Ғылым министрі Жол картасын бекітті.



Осы тұрғыда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мәскеу инженерлік-физика институтының басшысымен онлайн форматта кездесу өткізді.

Тараптар серіктестік орнату бойынша, атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ база-

сында Ұлттық зерттеу ядролық университеті – МИФИ филиалын ашу жөніндегі мәселелерді талқылады.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев МИФИ ректоры Владимир Шевченкоға келісім аясында білім ордасында атқарылған жұмыстар бойынша ақпарат берді. «Бүгінгі таңда ҚазҰУ мен МИФИ арасындағы келі-

сім жобасы әзірленді. ҚазҰУ-дағы Мәскеу институтының филиалында білікті мамандарды даярлау үшін мемлекет тарапынан арнайы гранттар бөлінді. Со-

нымен қатар білім беру бағдарламасының бағыты айқындалды. Біздің университетте МИФИ филиалын орналастыру мәселелері қаралды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Айта кетейік, алдағы аптада МИФИ делегациясының Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жұмыс сапарымен келуі жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Бейбіт Исабаев, Ақылбек Күрішбаев және Нұртөре Жүсіп Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы келді. Жұмыс сапары барысында халық қалаулылары алдымен қалашықты аралап, білім ордасында атқарылған жұмыстарға қанықты. Сонымен қатар алдағы уақытта университетті дамытудың жоба-жоспарымен танысты.

жет. Соның арқасында біздің елде сапалы және ауқымды өндірістер ашылады. Мемлекет басшысының биылғы жолдауындағы бастамалар өте өзекті. Үкіметке нақты тапсырмалар жүктелді. Ағымдағы жылы заңдылық негізде Конститу-

## Сенаторлар студенттермен кездесті



Депутаттар ҚазҰУ студенттерімен «Жаңа саяси реформалар: жастардың рөлі мен үлесі» тақырыбында еркін форматта кездесу өткізді.

Кездесуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған ауқымды саяси-экономикалық және



цияға, бірнеше заңға өзгерістер енгізу жоспарда бар. Сонымен қатар Парламентке біраз мүмкіндіктер берілуде. Атқарылатын жұмыс көп. Баршамыз жаңа Қазақстанды құруда бірлесіп жұмыс атқаруымыз қажет», – деді Бейбіт Исабаев.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту коми-



әлеуметтік тың реформаларды іске асыруда жастардың алатын орны зор екенін атап өтті. «Жастар – еліміздің келешегі. Өйткені олардың бойында ерекше күш-қуат, жігер бар. Қасым-Жомарт Кемелұлы жастарды мемлекетті басқару ісіне барынша тарту мәселесін қолға алуда. Елдегі саяси реформалар күш-қуатты, одан бөлек, оған деген сенім мен жігерді және талапты да қажет етеді. Біздің университетте еліміздің маңдайалды жастары білім алуға», – деді ректор.

Өз кезегінде білім ордасына арнайы келген сенаторлар алдымен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 16 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауында көтерген бастамаларына байланысты өз ойларын ортаға салды.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Нұртөре Жүсіп жастарды білімді ғана емес, өз елін құрметтейтін отаншыл, рухты болуға шақырды. «Біз рухани әлемімізді жоғалттық. Себебі басқа мемлекеттерге жиі еліктейміз. Біз Қазақстан сияқты тамаша жерде дүниеге келгенімізді және қазақ екенімізді мақтан тұтуымыз керек. Ұлттық құндылықтарды сақтап, рухани жетілуіміз қажет. Жастардың санасында туған жерге деген сүйіспеншілікті ояту қажет», – деді Нұртөре Жүсіп.



Шара барысында студенттер сенаторларға өздерінің сауалдарын қойып, пікір алысты.

Бетті дайындаған Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың арнайы шақыруымен «Көшбасшылық дәріс» оқуға университетімізге Халықаралық түркі академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі, «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі келді. Екі сағатқа созылған жүздесуде Дархан Қуандықұлы оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы, студент жастармен емен-жарқын әңгімелесіп, білім алушылардың сұрақтарына ашық жауап берді. Бүгін «Qazaq universiteti» газетінің оқырмандары үшін дәрісте айтылған өзекті мәселелерді жариялап отырмыз.**

Қазақ білімінің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне, сіздердің араларыңызға келгеніме өте қуаныштымын. Арнайы шақырып, ұстаздармен, білім алушылармен кездесуге мүмкіндік жасаған оқу

биылғы жолдауда олай болмады. Көпшілік оны талдап, талқылады. Көпшілік айтылған ұсыныстарға қатысты ойын, көзқарасын білдірді. Бұған қоса, биылғы жолдаудың мәні өзгеше. Оны Мемлекет басшысының өзі де атап өтті. Шы-



**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, «Egemen Qazaqstan» республикалық газеті» АҚ басқарма төрағасы:**

## ҚазҰУ-дың 90 жылдық тарихы, өткені, шежіресі бар

ордасының ректоры Жансейіт Қансейітулына ерекше алғыс айтамын. Жүздесуге дейін біз университеттің музейін, кейбір оқу корпусарын аралап шықтық.

Білім ошағында маған екі нәрсе ерекше әсер етті. Алдымен университет музейін көргенде айрықша толқыдым. Өйткені тоқсан жылдық тарихы бар мұндай оқу ордасы Орталық Азияда жоқ, жалпы, түркі әлеміндегі ең ірі оқу орны екенін атап өткім келеді. Тоқсан жылдық тарихы бар, өткені бар, шежіресі бар, бұл – үлкен мақтан. Демек, мұндай оқу ордасында білім алу әркімнің ақ арманы болар. Өз басым өткен ғасырдың 91-ші жылы университетті тізімдірілген, қобалжып аттадым. Енді өзімнің қонақ ретінде келіп тұрғаным ерекше күйге бөлеп толқытты. Оқу ғимараттарында күрделі жөндеу жүргізіліпті. Бұл үлкен еңбек, мұны бағалау керек. Біз аралап өткен журналистика, филология факультеттері мен Жоғары экономика мектебі жарқырап көз тартып тұр. Шынымды айтсам, өзімнің қайтадан университетте оқығым келіп кетті.

Факультеттерді аралағанда батыста көретін технологияның озық үлгілеріне көзім түсті. Мұның бәрі студенттердің санасына, өміріне әсер ететін сөзсіз. Демек, осындай озық оқу ордасында білім алып жатқан сіздер шын мәнінде бақыттысыздар. Түрлі аудиторияға шығып жүрміз, біздің әр жерде сөйлеуге мүмкіндігіміз бола тұра, дәріс оқуға, өздеріңізбен жүздесіп-сырласуға шақырту алғанда қобалжығаным рас. Өйткені университет қасиетті мекен. Осы күнге дейін біраз жерде қызмет істедік, қазір де атқарып жүрміз, егер менен «солардың ішіндегі ең маңыздысын атасаңыз» деп сұраса, университеттегі жылдарымды айтар едім. Себебі менің жаным ең жақыны – ғылым жолы. Алғаш еңбек жолымды университеттен бастадым. Сабақ бердім. Студенттермен араласу, дәріс оқу ізденуге, жаңаруға бастау, ал оның ең үлкен мәртебесі – ұлтқа қызмет ету.

Жасыратыны жоқ, бұрын жолдау жарияланса, оған жанпай жолдау пікір айтылатын. Менің «Egemen Qazaqstan» басылымын басқарғаным алты жылдай уақыт болып қалды, осы күнге дейін небір жолдаулар шығып жатты. Ал

нында да, жолдау бір жылға арналған құжат емес, ұзақ жылдарға негізделген стратегиялық бағдар. Бұл еліміздің жалпы бағытын айқындайтын өте маңызды құжат. Трансформациялардың қалай жалғасатыны, суперпрезиденттік жүйеден мықты парламенттік жүйеге көшудің амалдары, тағы басқа да өте іргелі, келелі мәселелер айтылды. БАҚ мәселесіне тоқталды. Жергілікті өзін-өзі басқару, Конституциялық сотты қайта құру – бұл өте маңызды мәселелер.

Біздің қоғам негізінен үш облыстың құрылғанына мән беріп жатыр, бұл енді мәселенің эмоционалды жағы. Абай облысы, Жетісу тарихи атауының қайта жаңғыруы, Ұлытау – ол да ұлық ұлыс, Алтын Ордамен тікелей байланысты қастерлі атау. Осылардың бәрінің қайта таңғырғанына ерекше қуандық. Қапшағай қаласына Д.Қонаев атамның атын беру туралы ұсыныс қоғамда түрлі пікір туғызды, бірақ елдің басым бөлігі қолдап отыр. Енді осы жолдаудың тереңіне үңіліп, талдау жасау керек.

Мемлекет басшысы Алматыға келген сапарында қаланы «екінші республика» деп атап өтті. Бұл не мағына береді? Жалпы, республика дегеніміз не? Өз басым оны былай деп түсіндім: республика дегеніміз – демократия. Халықтың билігі. Біз азаматтық қоғам дегенді жиі айтамыз, бірақ күні бүгінге дейін сол азаматтық қоғамның белгілері болды ма, жоқ па? Бұл да ойланатын мәселе. Құқықтық мемлекет, әділетті қоғам дегенді де аз айтпаймыз. Ал бұлардың көп жағдайда саясаттануда ғана қозғалып келгені жасырын емес. Мысалы, парламенттік жүйеге көшетіміз туралы айтылып жүргенімен, оның нақты қамдарын енді ғана көре бастадық. Айталық, Президент қазір өкілеттігін шектеп жатыр. Мемлекет басшысы халыққа сенетінін көрсетті. Күш пен қуатты халықтан алатынын аңғартты. Егер биліктің басына алдымен олигархтар, екінші – күшті бюрократиялық топ, үшінші – отбасы, жақын адамдары болуы мүмкін, солар топтасса, билік халықтан алшақтайтыны мәлім. Ал қазір, өздеріңіз білесіздер, Президенттің төңірегінде олигархтар жоқ, үлкен бюрократиялық топ та жоқ, оларды билікке жолатпау жөнін-



дегі өз ойын Мемлекет басшысы ашық айтты. Демек, Президент ықпалды үш топқа емес, халыққа арқа сүйейтінін көрсетіп отыр. Республика дегеніміз – осы. Кеше әлеуметтік желіде бір сурет жүр, АҚШ президенті Польшада өз елінің сарбаздарымен емен-жарқын әңгімелесіп, бірге ботқа, пицца жеп отыр, ал біздің көрші елдің мемлекет басшысы өзінің ең сенімді адамдарымен үстел басында 20 метр алшақтықта сөйлесіп отыр. Бұл жерде мен бір мемлекеттің артықшылығын айтып отырғаным жоқ, жалпы халыққа арқа сүйеу, биліктің қоғаммен етене араласуы әртүрлі шектеулерді алып тастайды. Бұл – күш пен қайратты халықтан алудың бір көрінісі.

Сол сияқты жолдауда өте ауқымды мәселелер көтерілді. Мысалы, төртінші билік ретінде БАҚ-тың жауапкершілігін көтеру де сөз болды. БАҚ-ты төртінші билік дейміз. Шын мәнінде солай ма? Мысалы, мен ресми газетте жұмыс істеймін. Басылымға жазылыңыз деп айтуға қысыламын. Неге? Оның екі себебін айтайын. Біріншіден, біз оқырманға газетті уақытында жеткізе алмаймыз. «Қазпошта» дер кезінде жеткізуге қауқарсыз. Жапонияның аса ірі «Асахи Симбун» газеті таңертең 6,5 млн, кешке 6,5 млн тиражбен, сонда күніне 13 млн тиражбен тарайтын басылым. Басылып шыққаннан кейін бір сағат ішінде Жапонияға түгел тарайды. Ал біз бір күнде газетті оқырманға жеткізе алмаймыз. Жеткізуге үш-төрт күн кетеді, тіпті шет аудандарға аптасына бір-ақ рет барады. Бірде Түркияның «Миллет» деген газетінің басшысымен әңгімелескенімде, «газетті жабатын шығармын» дейді. Оның себебін сұ-

расам, «басылым оқырманға төрт сағатта жетеді, төрт сағаттың ішінде ақпарат ескіріп кетеді» деген уәж айтты. Ал біз үш-төрт күнде жеткіземіз. Содан кейін жазылындар деп қалай айтамыз?!

Мен басылымға келгеннен кейін қосымша ресурстардан, атап айтқанда: мұғалімдерге жаздыру, әкімнің алдына бару үрдісінен бас тарттық. Негізі, басылымның таралымымен емес, мазмұнымен мақтану керек. Бізде «журналистің мәртебесін айқындау керек, оны мемлекеттік қызметпен теңестіру керек» дегенді жиі айтады. Мен мұндай пікірмен келіспеймін. Ол журналистің қолына тұсау. Журналистің мәртебесі – сөз бостандығы, еркіндігі. Байқаған боларсыздар, біз сыннан қашпаймыз, сын материалдар береміз. LRT мәселесін алғашқы болып біз көтердік. Басылым оқырманға кешігіп жететіндіктен, біз көбіне ескірмейтін, өзектілігін жоғалтпайтын материалдар беруге тырысамыз, оның өзінде талдауға, сараптамаға мән береміз. Олай болмаған жағдайда оқырманды ұстап тұру қиын. Екіншіден, бізде мемлекеттік тапсырыс бар. Ол бір жағынан жақсы, Үкімет қолдайды, қаржы түсіп тұрады. Ал оның екінші қыры – жазамын деген ойды шектейді. Егер маған салса мемлекеттік тапсырыстан бас тартар едім. Өйткені ол қолбайлау. Көбіне мемлекеттік тапсырыс аясындағы мақалалар оқылмауы мүмкін. Оқылымды болмауы ықтимал.

Ал газеттің қол жеткізген үлкен жетістігі экономикалық тәуелсіздігі дер едім. Қазір біз жылды 30 пайыздық табыспен жауып отырмыз. Сондықтан телефон ұстаған адамның репортер бола алатын заманында бәсекеге

қабілетті болып қалу оңай емес. Сараптама жазу үшін журналист білікті, білімді болуы шарт. Өз тәжірибемнен айтайын, тек журналистер ғана емес, кез келген мамандық иесі қосымша шет тілін терең білуі қажет. БАҚ беделінің күшеюі – бұл азаматтық қоғамның үлкен қадамдарының бірі. Қазір әлеуметтік желіні бұғаттау туралы жаңа заң шығады деген сияқты талас-тартыс жүріп жатыр. Шыны керек, әлеуметтік желіде мәдениет төмендеу. Ол да балама БАҚ болып саналады. Газет бетінде сіз біреуге жала жаба алмайсыз, ал әлеуметтік желіде жаза береді, тіпті бұрын журналист болған азаматтар да негізсіз жаза береді және оны үшін кешірім сұрамайды. Ал желідегі ой қоғамдық пікір қалыптастырады. Блогер қауымына, әлеуметтік желіні белсенді тұтынындарға ішкі мәдениет, содан кейін білім аса қажет деп ойлаймын. Ал газет тіліміздің тазалығын сақтайды. Ол жерде редактор, корректор және т.б. мамандар бар. Ағылшын тілін үйренгендер жақсы біледі, мысалы, бір сөзге қатысты талқы туындап қалса, New York Times газеті қалай жазды екен деп қарайды. Сол сияқты кейбір термин, аударма мәселесінде біздің газетке назар аударады. «Egemen Qazaqstan» қалай жазыпты?» деп жатады. Осы тұрғыдан алғанда басылым бейне бір мектеп сияқты. Қазақ тілін сақтайтын және дамытатын мектеп. Көп сөздің баламасы, аудармасы осы біздің басылым арқылы қолданысқа енді. Сөйтіп, газет қазқ тілінің сөздік қорының толығына ықпал етті.

Бұған қоса, кибербуллинг мәселесі де қазір біздің қоғамдағы өзекті тақырыптың бірі. Әлеуметтік желідегі бір негізсіз жазбадан адамның тағдыры бүлініп жатады. Сөз бостандығы деп, негізсіз жазуға болмайды. Бұған да жазармандардың ішкі мәдениеті, білімі мен жауапкершілігі керек. БАҚ-қа, әсіресе ресми БАҚ-қа, қазіргідей бәсекелі заманда үлкен ізденіс керек. Өмірге икемделген абзал. Сондықтан қазір газеттердің көбі сайттарын ашып жатыр. Газет пен сайтты бірге дамыту керек. Екеуі бір-бірін толықтырып тұрса тіпті жақсы. Біз биліктің сөзін халыққа жеткізуді ғана емеспіз, біз халықтың сөзін билікке жеткізушіміз. Екі тараптың ортасындағы дәнекерміз.

Қазір батыста, Еуропада, Жапонияда мерзімді баспасөзге сұраныс артып келеді. Ғалымдар кітап, газет оқудың жадыға әсері мықты екенін дәлелдеді. Интернеттегі жазбаларды уақыт өткеннен кейін таппай қалуыңыз мүмкін. Мысалы, өзім осыдан он жыл бұрын жазған еңбектерімді интернеттен таппай қалдым. Ал газет пен кітапқа таспаланған дүние жоғалмайды. Бұдан газет өміршең, жүз жыл шыққан басылым әрі қарай тағы да жүз жыл бойы шыға береді деген түсінік болмауға тиіс, өйткені оған ешкім кепілдік бермейді. Тек бәсекеге төтеп беріп қана оқылымды газет шығарасыз. Оқырманның көңілінен шығасыз. Сондықтан бүгінгі күннің журналистеріне үлкен ізденіс керек.

Құрметті оқытушылар, білім алушылар, сіздерге табыс тілеймін. Еңбектеріңіз жансын. Қазір білімділердің заманы. Жастар жағы шамаларыңыз келсе, кітапты көп оқыңыздар. Тіл үйреніңіздер. Мұның пайдасы ұшан-теңіз. Мен мұны өз тәжірибемнен айтып отырмын. Әрдайым сәттілік серік болсын!

**Жазып алған  
Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ**



Соңы. Басы 1-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Өз сөзінде білім ордасының басшысы Наурыз ынтымақ пен бірліктің мерекесі екенін жеткізді. «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Бұл күні Жер-Ана қайта түлеп, дүние ерекше күйге енеді. Халқымыздың ұғымында Әз Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, үміт пен сенімнің символы. Көктемгі мерекеді достық пен татулық, қазақы қонақжайлылық дәріптеледі. Ұрпақтар сабақтастығы салтанат құрады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіледі. Берекесі ұйыған егемен еліміздің болашағы жарқын болсын!» – деді университет ректоры.

Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік концерт арнайы дайындалған театрландырылған қойылыммен жалғасты. Көпшілік назарына түсаукесер, қыз ұзату, беташар сынды қазақтың салт-дәстүрлері көрсетілді. Сондай-ақ қазақ эстрадасының жұлдыздары мен университеттің өнерлі жастары ән айтып, би билеп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Сонымен қатар Наурыз мейрамы аясында қазақтың ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп, зергерлік бұйымдар мен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Айта кетейік, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ұлыстың ұлы күнін тойлау 14 наурыз – Көрісу күнінен бастау алған болатын. Апталық аясында «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні», «Жоралғы күні» өткізілді.

# ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ



**Бақытжан САҒЫНТАЕВ,**  
мемлекет қайраткері:

– ҚазҰУ – біздің альма-матер. Өзім де осы жерден түлеп ұштым. Елге қызмет еттім. Бүгін сол ыстық уяға қонақ болып келіп отырғанымна қуаныштымын. Университеттің барша ұстаздары мен студенттерін шын жүректен Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Мереке құтты болсын!

**Амандық БАТАЛОВ,**  
мемлекет қайраткері,

Алматы облысының экс-әкімі:

– Әз Наурыз – жаңа жылымыз құтты болсын! Мен ҚазҰУ-ға Наурыз мерекесіне алғаш рет келіп отырмын. Бірақ осында келіп, жадымыздағы естеліктер жаңғырып, еске түсіп жатыр. Мен құрылысшымын, кезінде ҚазҰУ қалашығын өзіміз салдық десе де болғандай. Көптеген ғимараттарды «Алматыбасқұрылыста» істегенде тұрғыздық. Уақыт өтті. Бүгін, міне, нәтижесін көріп, біздің жасөспірімдер оқып, білім алып жатқанына куә болдық. Олар маман болып, елімізге еңбек сіңіріп, халқына қызмет етеді деген ойдамыз. Әрқашан Наурыздан Наурызға жақсылықта жете берейік. Еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын!



**Селенай КОШУМДЖУ,**  
ТУРКСОЙ кафедрасының  
аға оқытушысы, (Түркия):

– Наурыз мерекесі құтты болсын! Баршаңызға әрбір жаңа күн жаңа табыстар әкелсін! Бүгін біз ҚазҰУ аумағында ағаш отырғызып, көктемді осындай керемет дәстүрмен қарсы алдық. Мен ҚазҰУ-да үш жылдан бері жұмыс істеймін. Алматының әсем табиғаты өзіме қатты ұнады. Көптеген әсем жерлерді көрдік.



**Маматха ХАНУМАПША,**  
Колумбия округі  
университетінің  
профессоры, (АҚШ-  
Үндістан):

– Қазақ халқына Наурыз мерекесінде бар байлық пен жақсылықты, сонымен бірге ары қарай дамып, өркендей түсуін тілеймін. Happy Nauryz!



**Ли Бёнг ДЖО,**  
шығыстану факультеті Қыыр  
Шығыс кафедрасы корейтану  
бөлімінің меңгерушісі:

– Мен осымен жетінші жыл қатарынан Наурыз мерекесін қарсы алып жатырмын. Бұл өте танымал мол, тамаша мереке. Корей еліндегі күн және ай күнтізбесінің алғашқы күні «соллаль», яғни жаңа жыл мерекесі секілді. Қазақтар үшін бұл мерекенің маңызды мол әрі «жаңа күн, жаңа өмір» деген мағына береді. Сондықтан барша қазақстандықтарды шын жүректен құттықтаймын! Наурыз құтты болсын!



**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
философия ғылымының  
докторы, профессор,  
фарабитанушы:


– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Наурыз мерекесін тамаша атап өтті. Екі жыл бойғы карантин талаптарына байланысты Наурыз тойы тойланбады. Сол үшін де сағынып қалғанымыз көрініп тұр. Халық көңілді. Бүгінгі тойда жайылған мол дастарханнан дәм татып, студенттермен, келген қонақтармен, әріптестермен емен-жарқын әңгімелестік. Оқу ордасының Наурыз тойына қала тұрғындары, шетелден т.б. қонақтар келіп, көзайым болып отырмыз. Ән тыңдап, концерттік шараға куә болдық. Мұндай іс-шарадан соң, кім-кімнің болсын көңілі көтеріліп, жұмысқа деген ынтасы артады. Наурыз құтты болсын, ағайын!



**Натан Дисоэль Кыо СНОДГРАСС,**

филология факультетінің  
визитинг-профессоры, (АҚШ):

– Маған Наурыз мерекесі қатты ұнайды. Қазақтың ұлттық тағамдарымен қоса, бүгін наурызкөженің дәмін татқанымна өте қуаныштымын. Осында тұрып жатқанымна он жылдан астам уақыт болды. Бүгін, міне, университет аумағында ағаш отырғызу сәтіне куә болдық. Наурыз мерекесі көктем келіп, жаңарып, жаңа жылдың басталғанын білдіреді. Бұл мереке Құдайдың разылығын алып, оған жақын бола түсуді меңзейтіндей. Мен Қазақстанды жақсы көремін.




**Дилшод АЧИЛОВ,**  
PhD, философия және саясаттану  
факультетінің визитинг-профес-  
соры, Дартмут университеті  
(Массачуссетс, АҚШ):

– Наурыз – өте әдемі мереке. Мен осы мейрамды қарсы алып жатқанымна қуаныштымын. Наурыз мерекесі баршаға бақыт әкелсін. Қазақстанға әрі қарай өркендеп, дами беруін және бар жақсылықты тілеймін!



# Ұлыстың ұлы күнін тойлады



**Кәкен ҚАМЗИН,**  
филология ғылымының докторы, профессор:

– Наурыз мейрамы бала күнімізде ауылда жыл сайын тойланатын. Ат жарыс, балуандар күресі секілді көптеген ойын-сауық шаралары ұйымдастырылатын. Ел деген барлық жақсы асын шығарып, асып, ол кезде наурызкөже емес, «көп көже» деп атайтын. Содан Ұлыстың ұлы күнінде әр үйге барып дәм татушы едік. Осы мейрам бүгін қайта оралды. Бұл қазақтың ғана емес, халықаралық деңгейдегі мереке деуге болады. Өйткені БҰҰ тізіміне енген. Сол себепті оның мәні зор. Екінші жағынан, Наурыз тойы ұлт мерейін асқақтатады. Тіпті осы мейрамда ұлттық киімімізге заманауи реңк беріліп, жастар арасында сәнге айналғаны көңіл қуантады.

**Бейсенбек СЕРІКБАЕВ,**  
журналистика факультетінің Баспагерлік, редакторлық және дизайндық өнер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі:

– Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Мен журналистика факультетінің Баспагерлік, редакторлық және дизайндық өнер кафедрасында алғаш рет сабақ бере бастағаннан-ақ наурыз тақырыбын қолға алуды жөн санадым. Себебі Наурыз мейрамы Жаңа жыл мерекесінің көлеңкесінде қалып қойды. Сондықтан шәкірттерімізбен бірігіп Ұлыстың ұлы күніне арнап фирмалық стильде логотиптер жасау ісін қолға алдым. Студенттердің шығармашылық әлеуеті өте зор. Жұмыстары бір-біріне ұқсамайды. Республикалық, қалалық деңгейде біздің студенттеріміз жасағандай арнайы заманауи логотиптер жоқтың қасы.



**Қазыбек МАНСУРОВ,**  
отставкадағы полковник, ҚХА мүшесі, Осетин этномәдени бірлестігінің төрағасы:

– ҚазҰУ қалашығында Наурыз мейрамын тамаша көңіл күйде қарсы алдық. Бұл көктемгі жұмыстарға даярлық алдындағы ерекше мереке. Университетіміздің Әскери кафедрасы да бүгін Ұлыстың ұлы күнін тойлауға өз үлесін қосып отыр. Олар Отанымызды қорғауға әзір офицерлерді даярлайтын ұжым. Пандемия кезінде адамдардың осындай керемет шараларды сағынғаны көрініп тұр, барлығы көңілді. Сондықтан Наурыз мерекесі жаңа өмірдің бастауы екенін бүгін ерекше сезіндік.



**Талант АРЫНҒАЛИ,** ақын:

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі ретінде ҚазҰУ ұжымы мен жалпы студенттер қауымын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Бүгін жас күнімізде осы университет қабырғасында Наурыз мерекесін тойлаған күндерім еске түсіп отыр. Ал бүгін қонақ болып келіп отырмыз.

Айтар ниет ақ тілек жұпты болсын! Еліміздің іргесі мықты болсын! Баршаңызға айтарым, ағайындар, Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**Хашим ШОВКАТ,**  
медицина және денсаулық сақтау факультетінің 4-курс студенті:

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде түркі халықтарының ең үлкен мейрамы – Наурыз атап өтіліп, осы мейрамға Шетел студенттері қауымдастығы қатысып, өзіміздің киіз үйімізді құрып, дәстүрге сай дәмді тағамдар дайындап, барынша атсалыстық. Сонымен қатар шетелдік (үнді, қытай, өзбек, иран, ауған т.б.) студенттердің салт-дәстүрін көпшілікке таныстырдық. Әлемнің әр бұрышынан келген студенттер Қазақстанның ең белді университетінде бас қосып, бірлік пен татулықтың жаршысы болған мерекені атап өтуде. Мұның өзі қазақ халқының дархан көңілін, кең пейілін көрсетеді. Биылғы мереке біздің жадымызда өшпестей естелік болып қалды. Келер жылы да аталмыш мерекені асыға күтеміз.



**Владимир ВОРОНИН,**  
подполковник, Әскери кафедраның тәрбие жұмысы циклінің бастығы:

– Шығыс халықтары тойлайтын Наурыз мейрамына арнап Әскери кафедра ұжымы бүгін 800 адамға арнап әскери ботқа, 150-ге жуық студентке палау даярлап ұсынды. Асты арнаулы әскери дала асханасында әзірледік. Студенттеріміз қазақ батырлары мен әскер күшінің заманауи формаларын келген қонақтардың назарына ұсынды. Осы мерекеден соң карантиндік шектеулерді артта қалдырып, толыққанды өмір салтымызға қайта ораламыз деп сенемін. Ал біз Отанымыз – Қазақстан үшін аянбай еңбек ететін боламыз. Наурыз құтты болсын!





# ҚазҰУ мен Цукуба университетінің алтын көпірі

*Ел мен елдің сан түрлі тарихын, мәдениеті мен дәстүрін бір арнаға тоғыстыратын, ол – ғылым-білім жолы. Бұл жолда ҚазҰУ-дың қаншама төл ғалымдары көз майын тауысып, қажыр-қайратын жұмсап жатқан болса, дәл солай шетелдік ғалымдар да екі елдің ортақ құндылықтарын зерттеу арқылы соны жаңалықтар ашуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Жапонияның Цукуба университеті арасына алтын көпір болып келе жатқан кезекті кейіпкеріміз – Такаши Ниномия.*

Ол 1979 жылы Жапонияда дүниеге келді. Нара университетінде бакалавриат деңгейіндегі «Жапонияның және әлемнің ежелгі тарихы» мамандығын тамамдап, Цукуба университетінің магистратура және докторантурасында «Лингвистика» мамандығы бойынша білім алды.

– Алғаш PhD дәрежесін иеленген кезімде Жапониядағы орыс тілінің білікті маманы, атақты профессор Усяма Тошинобу маған Цукуба университетінің Орталық Азиядағы кеңсесінде жұмыс істеу туралы ұсыныс жасады. Сол мезеттен-ақ Қазақстанға, оның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға қызығушылық танытып, жан-жақты қарастырып, зерттей бастадым. 2012 жылдың қазан айында ҚазҰУ-дың проректоры мен Халықаралық ынтымақтастық департаментінің қызметкерлері халықаралық конференцияға қатысу мақсатында Жапонияға келді. ҚазҰУ өкілдерімен алғаш кездесуім де сол уақытта болды. Ал 2013 жылдың наурыз айында ҚазҰУ-ға алғаш рет өзім де арнайы ат басын бұрып бардым. Осылайша Цукуба университетіндегі жұмысымды аяқтағаннан кейін, 2014 жылдың қыркүйегінде ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасында жапон тілінің оқытушысы ретінде менің жұмысым жаңа арнада басталғанды. Оған дейін қазақ және орыс тілдерін мүлде білмедім. Алайда ҚазҰУ-ға келген бірнеше жылда екі тілді жетік үйреніп шықтым. Қазір ҚазҰУ-дағы әріптестеріммен қазақ тілінде, сосын аздап орыс тілінде сөйлесемін, – дейді Такаши Ниномия.

Оқытушы осы аралықта ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасы ұстаздарымен белсенді ғылыми зерттеулер жүргізіп, келесідей мақалалар мен еңбектері «Шығыстану» журналында жарық көрген-ді: Әсел Бекебасовамен бірлесіп «Жапон және қазақ тілдерін контрастивті талдауға арналған зерттеу: грамматика және прагматика жағдайы» (2015 ж.) атты мақаласы жарық көрсе, Мәдина Шадаевамен бірлесіп «Қазақ және жапон тілдеріндегі сұраныс стратегиялары: мәдениетаралық прагматикалық талдау» (2020 ж.) атты мақаласы басылған болатын. «Жапон мангасынан аударылған орыс мәтіндеріндегі жеке өрнектер» (2021 ж.), Ләйла Нүрсейітовамен бірлесіп жазған «Жапон қоғамындағы гендерлік рөлге бұқаралық ақпараттың әсері» (2018 ж.), «Қазақ халқының ортағасырлық батырлар мен жапонның самурайлары: айырмашылықтары мен ұқсастықтары» (2021 ж.) т.б. зерттеу жұмыстары шығыстану саласының дамуына сүбелі үлес қосқан. Такаши Ниномия мұндай еңбектер жазу үшін де тіл білудің септігі мол тигенін айта отырып, зерттеу алаңында жаңа белестерге көтерілу мүмкін екенін де білдірді.

Цукуба университетінің «Лингвистика» бөлімінде жапон тілі, корей тілі, араб тілі, Омандығы джибари тілі және Эфиопиядағы хадия тілі сияқты әртүрлі тілдердің грамматикасын, фонетикасын және прагматикасын зерттеген. Ерте жастан тіл білімі мен әр тілдегі фонетикаға деген зерттеу қызығушылығы оянған. Қосымша тілдерді меңгеруден де қалыс қалмай, қазақ, араб, семит,



қушит және аккад тілдерін үйреніп, толық меңгерген. Ғалым қазақ тілін меңгеруде алдымен қызығушылықтың болуы басты алғышарт екенін басты назарға алады. Ұстаз тілді оңай үйренудің төте жолы сол ұлттың тарихы мен дәстүріне, мәдениетіне деген қызығушылықтың болуы керек екенін атап өтті.

– Біз қазақ және жапон тілдерін әртүрлі аспектілер тұрғысынан қарастырамыз. Сонымен қатар қазақ және жапон мәдениетін жан-жақты салыстырамыз. Оған қоса, жапондық манганың орыс тілді нұсқасындағы аудармасын зерттейміз, – деді ғалым тіл тұрғысындағы сан түрлі зерттеулерін алға тартып.

Ол Цукуба университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық координаторы ретінде де қызмет атқарады. 2007 жылдың қазан айында аталған екі университет арасында «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы негізінде келісімшартқа қол қойылғанды. Содан бері екі университет студенттері Цукуба және ҚазҰУ-да оқып келеді.

– Жыл сайын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан шамамен 10 студент Цукуба университетіне

оқуға, тағылымдамадан өтуге барады. Соның ішінде төрт студент Жапон үкіметінен ай сайын 800 доллар шәкірт-ақы алып оқиды. Біздің шығыстану факультеті ғана емес, басқа факультеттердің студенттері де жапон немесе ағылшын тіліндегі бағдарламамен оқи алады. Әр жылдың ақпан айында Цукубадан шамамен 10 студент ҚазҰУ-ға келіп, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде орыс тілін оқып, Қиыр Шығыс кафедрасының студенттерімен бірге семинарларда баяндама жасайды.

Олар әрдайым өзара осы бағдарламаға дән риза екендіктерін айтып жүреді, – дейді ұстаз өзінің екі ел мен қос университет арасындағы қарым-қатынастың, серіктестіктің, білімнің дамуына азда болса септігі тиіп жатқаны үшін қуанышты екенін білдірді. Сонымен қатар ол студенттерді қабылдау үшін құрылған арнайы бағдарламалар туралы өз пікірін айтты.

– Цукуба мен ҚазҰУ арасындағы ең үлкен бағдарлама Campus-in-campus деп аталады. Осы бағдарламаға қатысатын университеттер – Калифорния университеті, Тайвань университеті осы бағдарламаға тіркелді. Бағдарламаның арқасында ҚазҰУ студенттері Цукуба ғана емес, Калифорния университеті, Тайвань университеттерінде де білімін шындап, тәжірибе алмаса алады. Былтыр Campus-in-campus бағдарламасы бойынша шығыстану, география, философия және саясаттану факультетінің студенттері онлайн форматта оқыды. Келесі семес-

трде де Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың көптеген студенттері Цукубада оқығанын қалар едім, – деді Ниномия мырза.

Ғалым ҚазҰУ-да кейінгі жылдарда атқарған ғылыми жаңалықтарымен бөлісті. Ол «Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы қарым-қатынастың орнағанына – 25 жыл» (2017 ж.), «Жапон және қазақ тіліндегі көмекші етістіктерді контрастивті зерттеу жоспары» (2018 ж.) т.б. ғылыми жұмыстарымен қатар, түрлі жоба-жоспарлары бар екенін айтты. Солардың ішіндегі екі ел арасындағы мәдениетаралық қарым-қатынасты жақындата түсетін, бүгінде атқарылып жатқан жобасын негізге алды.

– Қазір «Тошиба» атты жапон компаниясы демеушілік көрсетіп жатқан жоба бойынша менің әріптестерім, яғни Қиыр Шығыс кафедрасының оқытушылары және Цукубадағы жапон тілінің мамандары, профессорларымен бірге «Қазақстанға саяхат» атты жапон тілінің сабағы, силлабусы, оқулығын жасап жатырмыз. Осы жоба бойынша жасалған оқулық және бейнежазбаларды қолданып, қазақстандық гид жапон саяхатшыларына жапон тілінде Қазақстан қоғамы және қазақ мәдениетін түсіндіреді. Цукуба профессорлары: «Сіз жасап жатқан оқулық өте қызықты. Себебі бұл оқулық тек грамматика мен коммуникацияға арналған оқулық емес. Қазақстанды таныстыруда орын алатын мәселелерге студенттер өздері шешім тауып, ары қарай жалғастыра алады», – деп баға берді. Осы оқулық пен оның бейнежазбаларын жасаған соң, оны ҚазҰУ-дың жетекші оқытушыларының онлайн курстарында «Қазақстанға саяхат» деген айдармен жапон тілі пәніне енгізім келеді, – дей келе, ғалым бұл жобаның тіл үйренуде, ілім жолындағы ізденіс үстіндегі студенттердің таным көкжиегін кеңейте түсеріне сенім білдірді.

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

**Нанотехнологияларды дамытудағы жаһандық серпіліс Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне жаңа міндеттер қойып отыр. Осы өзекті бағыт бойынша мамандарды даярлау мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» магистратурасының білім беру бағдарламасы әзірленіп, оқу үдерісіне сәтті енгізілді.**

Нанотехнологиялар мен наноматериалдарды пайдалану Қазақстандағы ғылымды қажет ететін өндірісті дамытудың құрамдас бөлігіне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде нанотехнологияларды, ғалымдарды және сарапшы бастамашыларды даярлау қажеттілігіне үнемі баса назар аударып келеді. Осы мақсатта еліміздің жетекші университетінде «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» бағдарламасы даярланып, жүзеге асырылды.

## Болашақ нанотехнологтар даярланады

Бағдарламаның мақсаты – білімі мен дағдылары бар бәсекеге қабілетті нанотехнолог мамандардың жоғары білікті магистрлерін даярлау.


Түлектер нанотехнологиялар, наноматериалдар бойынша зерттеулер саласындағы кәсіби қызметті жүзеге асырып, мамандықтары бойынша өз дағдыларын мынадай кәсіп бойынша жүзеге асырады: оқытушы, доцент, кіші немесе аға ғылыми қызметкер, материалдарды химиялық және спектрлік талдау жөніндегі инженер, микроскопист инженер, материалдар мен жабындар сынақшы, материалтанушы, металлграф, металдарды қысыммен өңдеу маманы, дефектоскопист, термотехнолог, химиялық технолог және т.б.

Бағдарлама бойынша студенттерді ойдағыдай оқыту үшін кафедрада құрылған заманауи материалдық база мүмкіндік береді. Мұнда заманауи жабдықтармен жабдықталған зертханалар жұмыс істейді: сканерлейтін зонд



микроскопиясы, жұқа қабатты жартылай өткізгіш материалдар мен наноқұрылымдар, наноқұрылымдарды компьютерлік модельдеу. Олар үнемі жаңартылып, барлық қажетті жабдықтармен толықтырылады.

Студенттер үнемі халықаралық конференцияларға қатысып,



тиісті сертификаттар мен марапаттарға ие болып жүр. 2020 жылы аталмыш білім беру бағдарламасының түлектеріне дарынды жас ғалымдарға арналған шәкірт-ақы тағайындалып, плазмалық технологиялар бойынша ғалымдар тобының құрамындағы жаратылыстану ғылымдары сала-

сындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға арналған Д.А.Қонаев атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атағы берілді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**



На кафедре  
Политики и  
организации  
здравоохранения был  
организован  
очередной турнир «*Science Ring*» на тему:  
«Посмертное  
донорство: плюсы и  
минусы» среди  
магистрантов 1 года  
по специальности  
– «Медицина (Врач-  
исследователь)».

Тематика данного турнира была выбрана неслучайно. К сожалению, в ряде тяжелых случаев хронических заболеваний в стадии декомпенсации трансплантация органов – это единственный радикальный метод продления жизни человека и восстановления ее качества. Вместе с тем, не всегда представляется возможным осуществить трансплантацию от живого родственного донора по ряду медицинских, социальных и других объективных причин. В таких случаях как альтернатива может стать трупная трансплантация, или так называемая трансплантация от кадавра. Ситуация осложняется тем, что количество пациентов, находящихся в листе ожидания, с каждым днем становится все больше и больше, а доноров катастрофически не хватает. В связи с чем тема посмертного донорства на сегодняшний день является актуальной и дискуссионной не только в медицине и здравоохранении, но и в целом, в современном обществе, поскольку напрямую связана с рядом юридических, морально-этических и религиозных вопросов. Поэтому задачей

## Посмертное донорство: плюсы и минусы



нашего турнира было осветить данную проблему с различных сторон, при этом опираясь на научные факты, нормативно-правовые акты и существующие реалии.

В турнире приняли участие 2 команды: «*Science*» и «*NovaVita*». Капитаны команд Омарова И. и Каримсакова А. представили членов своих команд, девизы и логотипы. Турнир включал в себя 5 раундов, последний из которых – битва капитанов, предполагавшая поиск путей решения данной проблемы и предложения своих идей и альтернатив. После каждого раунда звучал гонг, и

жюри, включавшее в себя д.м.н, профессора, декана факультета Медицины и здравоохранения Калматаеву Ж.А., к.м.н, директора ВШОЗ Даниярову А.Б., д.м.н, заведующую кафедрой Политики и организации здравоохранения Капанову Г.Ж. и к.ю.н, доцента кафедры Политики и организации здравоохранения Мауленову Б.Н., оценивало ответы магистрантов, представивших своих команды на чек-листах по определенным критериям.

Следует отметить, что в ходе турнира получилась интересная и живая дискуссия. В конце заседания жюри подвело итоги,

каждый из членов жюри во главе с председателем – деканом факультета, д.м.н., профессором Калматаевой Ж.А. выступил, отметил сильные и слабые стороны участников, выразил свои пожелания магистрантам. Жюри отметило, что данная тема сама по себе безгранична, и много новых значимых фактов было представлено нашими участниками. Декан факультета Калматаева Ж.А. отметила интересный формат заседания турнира, и грамотное представление магистрантами наиболее актуальных научных фактов и статистических данных. Тем не менее, по

результатам оценок жюри победила команда «*NovaVita*».

В конце научного «сражения» зам. зав. кафедры Политики и организации здравоохранения по НИД и МС Балмуханова А.М. поблагодарила жюри и гостей за уделенное время и оценку, ведущую турнира – преподавателя кафедры Политики и организации здравоохранения Нуржанову М.А., и самих участников за активное участие и подготовку, пожелала и впредь совершенствовать навыки работы с научной литературой, навыки презентации, ведения аргументированной дискуссии и ораторского мастерства.

Всем участникам были вручены памятные подарки, а команде победителей – книги-бестселлеры из жанра медицинской публицистики, авторы которых – известные практикующие врачи. Убеждаемся, что такой формат научной дискуссии, порождает интерес к проблеме, носит исследовательский характер, т.к. команды анализируют информацию как с научных журналов, так и ту, которая появляется в публицистических изданиях. Такой подход позволяет закрепить навыки поиска доказательств, чтения литературы с позиции критического мышления, систематизацию и интерпретацию данных. Спасибо нашим магистрантам за хорошую тщательную подготовку и дух соперничества, которые были отмечены в ходе «*Science Ring*».

Гулжан КАПАНОВА,  
зав. кафедрой ПиОЗ

А.БАЛМУХАНОВА,  
зам. зав. кафедрой ПиОЗ по  
НИД и МС

Кафедрой  
Уголовного права,  
уголовного процесса и  
криминалистики КазНУ  
им. Аль-Фараби,  
используя инновационные  
технологии и  
новейшие методики  
преподавания,  
направленные на  
развитие у студентов  
творческих способностей,  
навыков исследовательской  
работы в рамках дисциплины  
«Правовые основы  
противодействия  
коррупции» ежегодно  
проводится конкурс  
среди студентов  
Университета на  
лучший видеоролик по  
антикоррупционной  
тематике.

## Молодежь в поисках новых идей

В конкурсе участвуют более двухсот студентов первого курса Университета, которые представляют десятки работ. Они проходят через комиссию из числа руководства и профессорско-преподавательского состава кафедры Университета и директора научно-исследовательского института «Антикоррупционных технологий». Среди них отбирают наиболее интересных и креативных работ, в том числе научно-познавательного характера и социальных роликов.

В своих работах студенты затрагивают актуальные вопросы в сфере борьбы с коррупцией, а также предложили интересные идеи по поводу того, что еще можно сделать для её снижения. Так, в одной из работ предлагается использовать социальные сети Инстаграм, Фейсбук и Тикток в антикоррупционной пропаганде. Нам необходимо превратить социальные сети в воспитательный инструмент для формирования антикоррупционного сознания у молодого поколения. В частности, именно здесь по мнению студентов можно размещать информацию о коррупционных действиях со стороны чиновников, а также именно эти и подобные сети использовать как инструмент для



защиты граждан, пострадавших от коррупционных действий.

В другой работе изучен опыт противодействия коррупции Южной Кореи и обращено внимание на 4 главные меры, принимаемые в их стране. Это исследование департаментом одной области дел другого округа – для независимого и открытого следствия; во-вторых, проведение лично мэром расследования коррупционных правонарушений – в случае обращения к нему лично кем-либо из граждан; в-третьих, открытие онлайн платформы «OPEN» -

программа, согласно которой любой гражданин без непосредственного контакта может подать заявление чиновнику по видео конференции и в-четвертых заключение соглашения с должностными лицами об отказе от взяток. Ну во главе всех этих мер стоит мощная идеология, выражающаяся в нетерпимости к взяточничеству со стороны общества и в признании народом коррупции бескультурьем, при этом борьба с коррупцией в этой стране развивается как спорт. Кроме того, в одной из работ предлагается простая схема

искоренения коррупции и даётся ответ на вопрос, что может сделать каждый гражданин, т.е. даётся алгоритм действий: знать законы государства – соблюдать их самому – требовать соблюдения от других – сообщать о фактах коррупции.

Победители конкурса награждаются дипломами Университета по 6-ти номинациям: «Лучший познавательный ролик», «Лучший информативный ролик», «Лучший инновационный ролик», «Лучшее отражение международного опыта по противодействию коррупции», «Лучший сценарий», «Лучшая художественная постановка». Церемония награждения проходит в конце года во время научно-практической конференции, приуроченной Международному дню борьбы с коррупцией с участием представителей государственных органов, общественных деятелей, видных ученых и научных работников, а также преподавателей и студентов КазНУ имени Аль-Фараби.

Талгат ЖУМАГАЗИН,  
преподаватель кафедры  
Уголовного права,  
уголовного процесса и  
криминалистики

Наравне с формированием антикоррупционной культуры у студентов одной из основных целей конкурса является поиск новых идей, новых путей улучшения работы по борьбе с коррупцией, изучение положительных примеров принимаемых мер по противодействию коррупции и доведения до населения страны, а также на основе исследования опыта зарубежных стран, достигших наибольшего результата в борьбе с коррупцией выработать предложения по внесению изменений в систему мер для более эффективного противодействия.



## «Медиа-Наурыз» халықаралық байқауы басталды

Алтай мемлекеттік университетінде (Ресей, Барнаул) Үлкен Алтай және Орталық Азия елдерінің университеттері мен ғылыми институттарының баспасөз қызметтері мен журналистеріне арналған «Медиа-Наурыз» халықаралық байқауы басталды. Қазылар алқасының құрамына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өкілдері де кірді.

Байқауды «Үлкен Алтай» алтаистика және түркітану ғылыми-білім беру орталығы Азия университеттері қауымдастығы және Этносаралық журналистика гильдиясымен бірлесіп ұйымдастырып отыр. «Медиа-Наурыз» «Үлкен Алтайдың түркі әлемі: тарих және қазіргі замандағы тұтастық пен әралуандық» жобасы аясында жүзеге асады. Байқау «Үлкен Алтай» және Орталық Азия елдерінің медиа кеңістігінде алтайтану мен түркітану тақырыптарын кеңінен насихаттау үшін әрі Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Орталық Азия аймағының басқа да елдерінің университеттері, сондай-ақ ғылыми институттары арасындағы халықаралық ақпараттық ынтымақтастықты нығайту мақсатында қолға алынды.



Беделді қазылар алқасының құрамында «Үлкен Азия» телеарнасының бас директоры Александр Лебедев, Б.Н.Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей славян университетінің профессоры Гүлмира Джунушалиева, М.Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы Махлия Мирсоатова, Еуразиялық телерадио академиясының

академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Саясаттану кафедрасының профессоры Ләйла Ахметова және т.б. бар.

Жеңімпаз «Үлкен Алтайдың түркі әлемі» жобасының жетекшісі, Алтай мемлекеттік университетінің президенті, профессор Сергей Землюковтың атаулы сыйлығын алады. Үздік журналистер мен баспасөз қызметінің қызметкерлері Алтай мемлекеттік университетінің «Үлкен Алтай өңірінің этномәдениеті және заманауи арт-тәжірибесі», «Коммуникациялық өнімдерді эксперттік бағалау әдістері» немесе «DataScience негіздері, Python-да деректерді визуализациялау» бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарына тегін қатысу жұлдесіне ие болады.

Байқауға қатысуға ниет танытқандар оның шарттарымен толығырақ танысып, тіркеліп, материалдарды 24 мамырға дейін «Үлкен Алтай» ғылыми-білім беру орталығының сайтына жібере алады.

## Адамзатқа ортақ мәдени мұра

Қазақтың мәдени мұрасы – ата-бабамыздың соғыстағы жауынгерлік рухы; аналарымыздың өмір сүру стилі және қолданған бұйымдары; рухани тәлім-тәрбиесі; ертегі-жырлары асыл қазына. Бірақ, өкініштісі, уақыт өте келе көптеген қалалар, мәдениет ошақтары, мұралар жоғалып кетті. Дегенмен де ғалымдар мен тарихшылардың арқасында ежелгі мәдениеттің сирек кездесетін артефактілері табылды. Бұлар барлық адамзатқа ортақ мұра. Мәселен, кітаптар мен туындылар, ұлы шығармалар, ғажап суретшілердің картиналары. Қабырғаларға, тастарға салынған терең ойлы суреттерге қарап сол заманның атмосферасына ораласың.

Өнер адамды емдеуші іспеттес. Тіпті антика дәуіріндегі Грекияны алып қарасақ, сол заманның халқы «катарсис», яғни жан мен рухтың өнер мен сезім арқылы тазаруы процесін ойлап тапқан.



Мұның өзі бір халықтың, мейлі ол қазақ халқы болсын, өзге ұлт болсын, өнердің құнын үлкен дәрежеде анықтап, мәдениет бөлшегі етіп, ұрпақтарына мұра есебінде қалдыруының дәлелі.

Сондықтан да біздің мақсатымыз қоғамдағы мәдени мұра рөлін нығайту болып табылады. Адамдарға осы ұғымды ерекше көркем түрде

жеткізуіміз абзал. Ол үшін, әрине, өз ісіміздің шебері болып, мәдениет әлеміне тамырымызды терең жіберуіміз керек.

**Нәзира НӘБИЕВА,**  
философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

### Біздің оқырман



Намазалы ОМАСHEB,

филология ғылымының докторы, профессор

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.